

ӨСКЕМЕН КӨТЕРГЕН БАСТАМАНЫ ӨЗГЕЛЕР ҚОЛДАДЫ



Кеше Өскеменде өткен Қазақстан аймақтары өкілдерінің жиынында бастамашы топ Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың президенттік өкілеттілігін 2020 жылдың 6-желтоқсанына дейін ұзартуға қатысты бүкілхалықтық республикалық референдум өткізу жөнінде бастама көтерді. Жиынға белгілі қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменов, Халық қаһарманы, генерал Бақытжан Ертаев, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, бірнеше халық қалаулылары мен еліміздің 16 өңірінен 850 адам қатысты. Мұндай бастаманы Шығыс Қазақстан облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Геннадий Бердюгин, облыстық мәслихаттың депутаты Темірбек Исабаев, облыстық орыс мәдени орталығының төрағасы Михаил Панин, Шәкерім атындағы Семей мемлекеттік университетінің ректоры Ерлан Сыдықов пен облыстық кәсіподақтар кеңесінің төрайымы Нұржан Түсіпова секілді өңіріміздегі белсенді азаматтар көтеріп отыр.

(Соңы 2-бетте)